

РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 124 ВОКЗАЛ ЖАҒЫРТЫЛУДА, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЕКІ НЫСАН АЛҒАШ БОЛЫП АБАЙ ОБЛЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛІП ОТЫР. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ЕЛІМІЗДЕ 2025 ЖЫЛДАН БЕРІ ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫН ЖАҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР. АУҚЫМДЫ ЖОБА ЕЛІМІЗДІҢ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН КЕШЕНДІ ЖАҒАРТУҒА, ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ САЯХАТ ҮШІН ЗАМАНАУИ, ЖАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

Жәнібек ТАЙЖАНОВ,
Көлік вице-министрі



№47 (3194)
19/06/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҮКІМЕТ: САЛА ДАМУЫ СӨЗ БОЛДЫ

Сейсенбі күнгі Үкімет отырысының күн тәртібінде теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамыту мәселелері қаралды. Премьер-министр жетекшілік еткен жиында Көлік, Өнеркәсіп және құрылыс министрлері мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы, сондай-ақ онлайн форматта облыс әкімдері баяндама жасап, отырыстан соң баспасөз конференциясы ұйымдастырылды.

Сүлүгүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазақстандағы барлық жүк айналымының 57%-ы теміржол көлігіне тиесілі, ол сондай-ақ бүкіл көлік саласы жалпы өнімінің үштен бірін қамтамасыз етеді. Ал осы алып саланың инфрақұрылымын кезек-кезеңімен жаңғырту және жылжымалы құрам парктерін жаңарту бағыттарында қандай шаруалар атқарылып жатыр?

Алғашқы сөз кезегін алған Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, бүгінде Қазақстанда жүк вагондары нарығы толығымен бәсекелестік ортада жұмыс істеп тұр. Паркте жалпы қазір шамамен 147 мың вагон бар, олардың басым бөлігі жеке операторларға тиесілі.

Инфрақұрылымды одан әрі дамыту өнеркәсіптің өсуіне, экспорт көлемінің ұлғаюына және мемлекеттің транзиттік әлеуетінің нығаюына тікелей әсер етеді. Теміржол саласында біз үш негізгі бағытты бөліп қарастырамыз, олар – локомотивтер парк, вагондар парк және магистральдық желі. Мұндағы жұмыстар кезек-кезеңімен жүргізілуде, ал басты мақсат – өткізу қабілетін арттыру және тасымалдауға болашақ сұранысты қамтамасыз ету, – деп атап өтті министр.

2014-2019 жылдар аралығында елімізде тартымдық жылжымалы құрамды сатып алу көлемінің төмен болуына байланысты локомотив тапшылығы қалыптасып, ал осы жағдайды түзеу үшін соңғы жылдары



жаңарту бағдарламасы іске қосылған. Отандық өндірістің жаңа локомотивтерін тасымалға қосу 2028 жылға дейін жағаласақ, Бүгінгі таңда жаңартылған парк тасымалдаудың ағымдағы қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етіп отырғаны белгілі болды. Осылайша, жүргізілген жүйелі жұмыстың арқасында локомотивтердің тозу деңгейінің 74%-дан 49%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туған. Сонымен қатар тартымдық ауыр машина паркінің орташа жасы – 30-дан 21-ге дейін айтарлықтай қысқарыпты. Жаңғырту жұмыстары еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсуі үшін сенімді база қалыптастыра отырып жалғасатын болады.

ЖАҒАРТУ ИНТЕЛЛЕКТ & SMART RAIL ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Мемлекет басшысының еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан халықаралық көлік дәліздерінің қуатын белсенді түрде арттыруда. Бүгінде біздің еліміз құрлықтағы жүктердің 80%-ының Қытайдан Еуропаға өтуін қамтамасыз етіп отыр. Көлік министрлігі жоспарында көлік дәліздерін дамыту, кен орындарына жана жолдар мен терминалдар салу бар.

Транзит отандық теміржол саласының басты драйверіне айналды. Соңғы 5 жылда транзиттік тасымал көлемі 20 млн-нан 33 млн тоннаға дейін өсті. Біздің міндетіміз – таяу онжылдықта осы динамиканы жеделдету. Бұл көрсеткішті 2030 жылға

қарай 67 млн тоннаға жеткізіп, екі есе арттыруды, ал 2040 жылға қарай транзит көлемін 100 млн тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Нұрлан Сауранбаев.

Оның айтуынша, терминалды инфрақұрылым ел ішінде де, шетелде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Қазір маршруттар бойында жеті терминал жұмыс істеп тұр, оған қосымша 7 нысан салынуда. Бұл «Шығыс-Батыс» және «Солтүстік-Оңтүстік» бағыттарында бірыңғай логистикалық желіні қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ірі кәсіпорындар мен кен орындарына апаратын жолдарды жаңғыртуға назар аударылып отыр. Министрліктің перспективалы жобаларының тізіміне Қарағанды облысының Қарағайлы ауданындағы кен орындарының жолдарын жаңғырту және өңірді тікелей қатынаспен байланыстырып, Батыс Қазақстанның дамуына қуатты серпін беретін «Индербор-Орал» жана желісінің құрылысы енгізілген.

Қазіргі уақытта теміржол саласын цифрландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сектордың барлық негізгі объектілері бойынша бірыңғай «деректер көлі» (Data Lake) қалыптасады. Алдағы уақытта Smart Rail жүйесін енгізу көзделген. Бұл жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдауды қолдану арқылы басқарудың тиімділігін арттырады. Нәтижесінде шығындар азайып, қауіпсіздік деңгейі артады, – деп атап өтті министр.

(Жалғасы 2-бетте)

ПО СТАНДАРТУ



Программы разработки стандартов на железнодорожную продукцию актуализированы Коллегией Евразийской экономической комиссии.

На заседании коллегии утвердили актуализированные редакции программ разработки межгосударственных стандартов, обеспечивающих реализацию и применение в странах ЕАЭС технических регламентов «О безопасности железнодорожного подвижного состава», «О безопасности высокоскоростного железнодорожного транспорта» и «О безопасности инфраструктуры железнодорожного транспорта».

Программа к техрегламенту на железнодорожный подвижной состав предусматривает разработку 31 межгосударственного стандарта на основе национальных стандартов государств ЕАЭС, пересмотр 17 межгосударственных стандартов, внесение изменений в два межгосударственных стандарта, разработку межгосударственных стандартов на основе двух методик испытаний, разработку трех новых межгосударственных стандартов.

Что касается высокоскоростного железнодорожного транспорта, планируется разработать 24 межгосударственных стандарта, пересмотреть 20 межгосударственных стандартов на основе национальных стандартов государств ЕАЭС, пересмотреть восемь межгосударственных стандартов, внесение изменений в два межгосударственных стандарта. Кроме того, намечено разработать три новых межгосударственных стандарта.

Программой к техрегламенту на инфраструктуру железнодорожного транспорта предусмотрена разработка 14 межгосударственных стандартов на основе национальных стандартов государств ЕАЭС, пересмотр восьми межгосударственных стандартов, внесение изменений в два межгосударственных стандарта. Кроме того, намечено разработать три новых межгосударственных стандарта.

Любовь РОББА

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан Ақсу – Жаңа-Семей теміржол учаскесінің инфрақұрылымын жаңғырту жүзеге асырылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде теміржол желісінің өткізу қабілеті заманауи техникалық шешімдерді енгізу есебінен ұлғайтылды. Ұзындығы 240 км учаскедегі аралықтарда цифрлық автоблокировка салынып, нөлден бастап 5 жаңа разъезд іске қосылды, сондай-ақ қолданыстағы 3 бөлек пункттерде қосымша қабылдау-жөнелту жолдары төселді. Жобаны іске асыру үшін «технологиялық толаскесдерде» 400 астам инженерлер мен СОБ мамандары, сондай-ақ 17 мамандандырылған вагон іске тартылды. Барлық жұмыстар бекітілген кестелерден озып орындалды. Учаскені жаңғырту инфрақұрылымының сенімділігі мен теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыруға және еліміз көлік дәліздерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ислам ТАЛҒАТ



Марат ХАМЗИН,
Почетный железнодорожник,
ветеран труда:

ОБВОДНАЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ ЛИНИЯ КАЗЫБЕК БЕК – ЖЕТЫГЕН ПОЗВОЛИТ ВЫВЕСТИ ТРАНЗИТНЬИ ГРУЗОПОТОК ЗА ПРЕДЕЛЫ АЛМАТЫ, СУЩЕСТВЕННО РАЗГРУЗИВ КРУПНЕЙШИЙ ГОРОД СТРАНЫ. ЭЛЕКТРИФИКАЦИЯ УЧАСТКА ПОЗВОЛИТ ОБЕСПЕЧИТЬ БЕСПРЯТСТВЕННОЕ ДВИЖЕНИЕ ПЕЗДОВ БЕЗ СМЕНЫ ВИДА ТЯГИ, ПОВЫСИТ ПРОПУСКНУЮ И ПРОВОЗНУЮ СПОСОБНОСТЬ ЛИНИИ, СОКРАТИТ ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ РАСХОДЫ И УЛУЧШИТ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ. КРОМЕ ТОГО, ВОЗРАСТЕТ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ МАРШРУТОВ, ПРОХОДЯЩИХ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН

Сервис

БАГАЖНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ВЫХОДЯТ НА НОВЫЙ УРОВЕНЬ

АО «Пассажирские перевозки» продолжает развивать современные логистические сервисы. очередным шагом в этом направлении стало подписание соглашения о сотрудничестве с логистической компанией Jaña Post, работающей с крупнейшими китайскими маркетплейсами Pinduoduo, Taobao и 1688.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Партнерство направлено на развитие грузобагажных перевозок по железной дороге, увеличение объемов перевозок и внедрение цифровых решений в транспортные процессы.

Согласно достигнутому договору, Jaña Post обеспечит дополнительный объем грузобагажа для перевозок в багажных вагонах по сети АО «Пассажирские перевозки». В первую очередь речь идет о маршрутах



Алматы – Ақтау, Алматы – Атырау и Алматы – Ақтобе.

Кроме того, стороны планируют использовать багажные вагоны

доставки, повысить доступность логистических услуг и создать дополнительные возможности как для бизнеса, так и для населения.

Особое внимание в рамках сотрудничества будет уделено цифровизации процессов багажных перевозок. Внедрение современных технологий призвано повысить эффективность логистических операций, улучшить качество обслуживания клиентов и обеспечить удобство при оформлении и сопровождении отправок.

Сегодня доставка багажа и грузобагажа осуществляется различными видами транспорта, однако железная дорога по-прежнему остается одним из самых надежных способов перевозки. Среди ее преимуществ – строгое соблюдение графика движения пассажирских поездов, стабильность перевозочного процесса и независимость от погодных условий.

САПАЛЫ ЖОЛ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде теміржол инфрақұрылымын жаңғырту және сауықтыру бойынша кешенді жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Биылғы жылы негізгі бағыттардың бірі саналатын Арыс – Сарыағаш учаскесінде ауқымды жұмыс көлемі атқарылды.

Нұрбек БЕКЕН,
Шымкент

Күрделі жол жөндеу жұмыстары Шеңгелді – Жылға, Жылға – Дарбаза, Монтайтас – Шағыр аралықтарында, сондай-ақ Жылға, Дарбаза және Шағыр станцияларында жүргізілді. Күрделі жөндеумен қамтылған жолдың жалпы ұзындығы 36,2 км құрап отыр.

Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Жомарт Мырзабековтің мәліметінше, бүгінде рельс-шпал торын ауыстыру, балласт қабатын тазарту және жаңарту, жолды түзету мен тұрақтандыру бойынша негізгі жұмыстар толық аяқталған. Қазір жолды белгіленген нормативтік талап-

тарға толық сәйкестендіру және пойыздардың қауіпсіз әрі үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатындағы қорытынды технологиялық жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар Арыс – Түркістан учаскесіндегі Қарақоңыр – Қостүйін аралығында ұзындығы 8,07 км болатын жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бұл жоба аталған учаскедегі инфрақұрылым сенімділігін арттырып, жолдың техникалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік бермек. Ал қозғалыс көлемі төмен Шымкент – Ленгер учаскесінде бес станциялық жолға күшейтілген орташа жөндеу жүргізіліп, оның көлемі 5,8 км құрады. Атқарылған жұмыстар жолдың жоғарғы құрылымының қызмет ету мерзімін ұзартуға,

пойыздар қозғалысының жайлылығын арттыруға және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ Арыс-1 станциясындағы «Д» және «Е» парктерін дамыту жұмыстары ерекше маңызға ие. Бұл жоба учаскені өткізу және өңдеу қабілетін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді. Жоба аясында ұзындығы 3,4 км болатын үш жолға күшейтілген орташа жөндеу жүргізіліп, 19 жаңа бағыттама бұрмасы төселген.

Бағыттаушыларды жаңарту жұмыстарына да айрықша көңіл бөлінуде. Биыл Шымкент жол дистанциясының басты жолдарына 5 жаңа бағыттама бұрмасы, ал Арыс жол дистанциясына 16 жаңа бағыттама бұрмасы төселді. Сонымен қатар жаңасына

ауыстырылған ескі бағыттама бұрмалары қайта қалпына келтіріліп, станциялық және қабылдау-жөнелту жолдарында қайта пайдаланылуда. Осы жұмыстар аясында Шымкент жол дистанциясында 5, Арыс жол дистанциясында 6 ескі жарамды бағыттама бұрма қайта төселді. Мұндай тәсіл станциялық инфрақұрылымды кезек-кезеңімен жаңартуға, жол шаруашылығының техникалық жағдайын жақсартуға және қосымша материалдық шығындарды барынша азайта отырып, жолдардың қауіпсіз әрі тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар өңірдің теміржол инфрақұрылымын дамыту мен жаңғыртуға бағытталған жүйелі бағдарламаның бір бөлігі болып табылады. Жолдар мен бағыттаушы бұрмалар шаруашылығын дәйекті түрде жаңарту магистральдің пайдалану сенімділігін арттырып, тасымалдау үдерісінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және пойыз қозғалысы үшін қауіпсіз жағдай жасауға ықпал етеді, – деп түйінді сөзін бөлімше директорының орынбасары.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС МАУСЫМЫНДА ҰЛТТЫҚ ТАСЫМАЛДАУШЫ БУРАБАЙ КУРОРТЫ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

144 мыңнан

АСТАМ ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС-ДА

160

ЭНЕРГОҮНЕМДЕУ ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛГЕН.

«ТЕМІРЖОЛСУ» АҚ ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БИЫЛ

204

НЫСАНҒА ЖӨНДЕУ ЖҮМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗЕДІ.

ДИПЛОММЕН – ТЕМІР ЖОЛҒА...

Ардақ ҮСЕЙНОВА,
Жамбыл



КЕЗДЕСУ

Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің түлектері үшін «Теміржол – тұрақты болашақтың кепілі» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.



«Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасын негізге алған Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің өкілдері түлектерді тұрақты табыстың кепілі болатын теміржол саласында жұмыс істеуге шақырды.

Ашық диалог форматында өткен іс-шарада «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалының персоналдарды басқару бөлімінің бастығы Индира Қоңқашева болашақ мамандарға теміржол саласының құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа орналасу тәртібі мен талаптары туралы түсіндіріп өтті.

– Темір жол – тұрақтылықтың кепілі. Кәсіби білімі бар жастарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік көп. Себебі қазір «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның барлық филиалдарында жұмысқа орналасу процесі ашық жүреді. Ол үшін кәсіби білімі бар маман алдымен ресми портал - job.railways.kz арқылы өз түйіндемесін жіберуі керек. Қандай бос жұмыс орындары бар екенін де осы сайттан электронды түрде бақылап, көре алады, – дей келе Индира Шахметқызы теміржол саласына жұмысқа орналасудың ашық жүйесінің артықшылықтарын атап өтті.

Сондай-ақ персонал бөлімінің бастығы Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарағы еңбек ұжымындағы қандай мамандар қажет екенін айтып, еңбек нарығындағы сұранысқа талдау жасады.

Суретті түсірген автор

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ СЕНІМДІ ҚОЛДА

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



КУЗЕТ

Семей теміржолында желі бойындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың, соның ішінде ұрлық фактілерінің алдын алу бағытындағы жұмыстар үзліссіз жүргізіліп жатыр. Оған Әскерлендірілген күзет қызметі, оның ішінде Семей филиалы да өз үлесін қосуда.



Жуырда филиал басшысы Самат Райымбековтің тікелей жетекшілік етуімен Дегелең және Семей станциялары аралығындағы тәлім бойында жедел алдын алу іс-шаралары өткізілді. Бұл жұмыстар рейдтік бақылаудан өзгеше. Себебі желі бойындағы Жалпақ, Талды, Көл, Шаған, Известковая сынды шағын станцияларда із кесу жүргізілді. Соның ішінде бірінші кезекте жүк вагондарындағы ұрлық, бекітпе-пломбалардың бүлінуі, тасымалдаған жүктің сақталуы, теміржол мүлкінің амандығы сынды факторлар басты назарға алынды.

Мұнымен қоса, ең көп кездесетін ақаулық – ленталардың үзілуі, сымдардың босауы немесе үзілуі сынды техникалық талаптардың бұзылуына жататын тосын жайттар да қаперден тыс қалмады.

Сонымен қатар қадағалау жұмыстары барысында теміржолшылармен әңгімелесу жүргізілді. Мақсат – желі бойында күдікті жайттар туындаған шақта құзырлы орындарға бірден хабарлау, жүктерді жеткізу мен сақтаудағы негізгі міндеттер жайында кеңінен әңгіме өрбіді.

Сол тәрізді жол айрықтары мен жүк станцияларындағы «ӘТЖК» ЖШС Семей филиалы қызметкерлерінің тосын жайттарға даярлығы да пысықталды.

Ал өткізілген іс-шараның нәтижелері бойынша жүктің ұрлану белгілері, вагондардың бүлінуі және тасымалданатын мүлктің қауіпсіздігі мен сақталуына қауіп төндіретін және өзге де заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Үчаскелердегі қалыптасқан ахуал тұрақты күйінде қалып отыр және ұдайы бақылауда.

Кейінгі жылдарда бөлімше көлемінде транзиттік жүк пойыздарының ағыны әлдеқайда артқан. Сол себепті әр ауысымдағы күзет қызметкерлері де жұмыс барысын ширата түсуде. Мәселен, Семей, Жаңа-Семей сынды тораптық жүк станцияларында шамамен 35-40 адам станция басына келіп тоқтаған әрбір жүк пойыздарының амандығын толыққанды тексеріп, қатаң түрде бақылауға алады. Демек, тасымалдағы жүктер қырағы көздердің назарында деуге толық негіз бар.

Суретті түсірген автор

ҮКІМЕТ: САЛА ДАМУЫ СӨЗ БОЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЖОЛАУШЫЛАР ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Көлік ведомствосының басшысы Қазақстанда соңғы жылдары 650-ден астам жолаушылар вагоны жаңартылғанын тілге тиек етті. 2030 жылға қарай министрлік жолаушылар паркін жаңарту деңгейін 90%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

Ал жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұлттық оператор атынан сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, Қазақстанда жолаушылар вагондарының тапшылығы мәселесі толығымен шешіліп, парктің тозу деңгейі 36%-ға дейін төмендегенін мәлімдеді. Ол сондай-ақ жылжымалы құрамды жаңғырту жайын жан-жақты баяндады.

Оның айтуынша, соңғы үш жылда 433 локомотив сатып алудың нәтижесінде тарту құрамы тапшылығы толық шешімін тауып, бұл магистральдық локомотивтердің орташа тозуын 66%-дан 58%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берген. Ал жолаушылар секторында 5 жыл ішінде тозу деңгейі 46%-дан 36%-ға дейін қысқарған.

– Біз жылжымалы құрамды кезек-кезеңімен жаңартуды жалғастырып келеміз. 2030 жылға дейін тағы 754 локомотив сатып алу жоспарланған, олардың қатарына жүк, жолаушы және маневрлік локомотивтер кіреді. Қызмет ету мерзімінің аяқталуына байланысты істен шығатын құрамды ескере отырып, шамамен 20 мың жаңа жүк вагоны сатып алынады. Сонымен қатар алдағы жылдары 746 жолаушылар вагонын жеткізу жоспарланып отыр. Қабылданып жатқан барлық шаралар теміржол тасымалдарының қауіпсіздігі мен сенімділігін түбегейлі арттыруға мүмкіндік береді, – деді басқарма төрағасы.

Ал баспасөз конференциясында сөз алған ҚТЖ басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов жолаушылар пойыздарын жаздың соңына дейін интернет желісіне толық қосу жоспарланып отырғанын айтты. Оның айтуынша, бүгінгі таңда интернет Нұрлы жол – Семей пойызында іске қосылған, сондай-ақ Алматы – Павлодар, Павлодар – Түркістан және Нұрлы жол – Атырау құрамдарында терминалдар орнатылуда. Бұған дейін жаңа технологияның техникалық дайындығы Астана – Алматы және Астана – Өскемен бағыттарында Eutelsat OneWeb және Starlink жүйелерін пайдаланған екі пилоттық жоба арқылы



ресталған болатын.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жолаушылар пойыздарын интернетпен қамтамасыз ету жөніндегі ауқымды жұмысты бастаймыз. Мен тек жолаушылар пойыздары, оның ішінде ұлттық тасымалдаушының пойыздары туралы айтып отырмын. Біздің жоспарымыз – жаздың соңына дейін негізгі бағыттарды спутниктік интернетпен қамтамасыз ету, – деді Әнуар Ахметжанов.

АУЫР МАШИНА ЖАСАУ ӨНДІРСІНІҢ ӨСІМІ – 22,5%

Мемлекет басшысының көлік әлеуетін дамыту және елдің өнеркәсіптік негізін нығайту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру шеңберінде теміржол машина жасау отандық индустрияның негізгі бағыттарының біріне айналып отырғаны Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың мәлімдемесінен белгілі болды.

Оның айтуынша, бүгінде сектордың машина жасаудағы үлесі 13%-ды құрап отыр. Салада 60 кәсіпорын жұмыс істеп, онда 8 мыңнан астам адам еңбек етуде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі 22,5%-ға өсіп, 734 млрд теңгеге жетті.

– Жалпы соңғы бес жылда вагон паркін жаңартуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижесінде салада инвестицияның өсуі байқалады. Біз Wabtec, Alstom және Stadler секілді жетекші әлемдік компаниялардың өндірістерін іске қосу арқылы капиталды тартып, саланы сапалы өзгерте алдық, – деп атап өтті министр.

Бүгінгі таңда өнімнің жеке-леген түрлері бойынша локализациялау деңгейі 35-40%-ға жеткен. Локализацияны одан әрі дамыту отандық компаниялармен кооперацияны кеңейтіп, жаңа қосалқы бөлшектерді игеру және бірлескен өндіріс

құру арқылы жалғасуда.

Жалпы осы жылғы бес айда салада вагондардың барлық түрлері бойынша оң динамика байқалып отыр екен. Өндіріс көлемі өткен жылмен салыстырғанда кемінде 9%-ға, ал жекелеген өнім түрлері бойынша 1,7 есеге өскен.

ЖАҢА ЖОБАЛАР – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес теміржол инфрақұрылымын ауқымды дамыту жалғасуда: жаңа желілер салынып, қолданыстағы жолдар жаңғыртылуда, жылжымалы құрам жаңартылып, вокзалдарда реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Мемлекет басшысы еліміздің теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Жаңа теміржол желілерін салу, вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту, қолданыстағы жолдарды жаңғырту және вокзалдарды реконструкциялау бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша биыл бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаны аяқтау жоспарлануда. Олардың ішінде «Дарбаза-Мақтаарал», «Мойынты-Қызылжар» желілері бар. Жаңа жолдардың ашылуы транзиттік тасымал көлемін биыл 55 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Дарбаза-Мақтаарал», «Мойынты-Қызылжар» желілері бойынша қозғалысты іске қосу бйлығы қараша айына жоспарланып отыр. Үкімет басшысы бұл жобалармен шектеліп қалмай, жаңа теміржол жобаларын әзірлеуді тапсырды.

«Біз ел экономикасының одан әрі өсуін қамтамасыз етіп, Еуразия кеңістігінде көлік-логистикалық хабқа айналу үшін теміржол инфрақұрылымын дамытудың

келесі кезеңіне дайындалуымыз керек», – деді Премьер-министр.

Осыған орай, ол Көлік министрлігіне, «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясына келешегі зор инфрақұрылымдық жобалар бойынша қаржыландыру көздерін айқындай отырып, техникалық құжаттама әзірлеуді тапсырды.

Сондай-ақ мемлекетаралық өткізу пункттерін кеңейту экспорттық және транзиттік бағыттағы жүк тасымалын арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтті. Осыған байланысты Үкімет басшысы көршілес елдердің теміржол әкімшіліктерімен бірлескен шешімдер әзірлеу үшін тұрақты жұмыс жүргізуді тапсырды.

Транзиттік әлеуетті арттырудың келесі бір қадамы халықаралық терминалдар желісін кеңейту бойынша жобаларды жүзеге асыруды жеделдету екені де сөз болды. Олжас Бектенов Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейту және жаңа жүк ағындарын тарту үшін Астана, Аял, Свислочи, Селятино, Будапешт, Чэнду және Констанцадағы жобаларды қоса алғанда, еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға ықпал ететін халықаралық терминалдық желінің дамытуды жеделдетуді тапсырды.

Күн тәртібінде тағы бір маңызды мәселе теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстарын уақытты бітіру болды. Үкімет басшысы оны әлеуметтік жоба деп бағалап, облыс әкімдеріне нысандарды жаңғырту барысын әр апта сайын бақылап, бекітілген кесте мен жұмыс сапасын қамтамасыз етуді, туындаған мәселелер бірден шешімін табуы тиіс екенін ескертті. Сондай-ақ ол вагондардың жай-күйіне қатысты жолаушылар шағымна жауап беріп, қысқа мерзімде Stadler компаниясының жаңа вагондарын іске қосуды тапсырды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЛОКОМОТИВ ПАРКІ ЖАҢАРУДА



АЙМАҚ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Транзиттік тасымалға тың серпін беріп отырған депо жұмысымен арнайы барып таныстық. Депо бастығының өндіріс жөніндегі орынбасары Бақытғали Джанесов теміржолдағы тасымал қарқыны, локомотивтер жұмысы жайлы айтып берді. Өзі де еңбек жолын машинист көмекшісі болып бастап, машинист, аға депо кезекшісі, нұсқаушы және инженер-технолог қызметтерін өткен маманға барлық жұмыс етене таныс.

Ақтөбе локомотив пайдалану депосы Ақтөбе – Илецк, Ақтөбе – Жем және Ақтөбе – Қандыағаш, Ақтөбе – Әйтеке би, Ақтөбе – Орал бағыттары бойынша тасымал қызметін ұйымдастырады. Және оған Шұбарқұдық – Сағыз, Шұбарқұдық – Қандыағаш арасында тасымал қызметін жүргізетін Шұбарқұдық айналым депосы қарайды.

Соңғы уақытта халықаралық транзиттік тасымалды дамыту бағытында маңызды өзгерістер жүзеге асырылуда. Одан әріне тоғыз жолдың торабындағы Ақтөбе де тос қалмайды.

«Екі мемлекет арасындағы келіссөздердің нәтижесінде Илецк станциясы арқылы жүк құрамдарын тоқтаусыз өткізу жобасы қолға алынды. Қазір эксперименттік сапарлар

Ақтөбе локомотив пайдалану депосы – өңірдегі ең ірі өндірістік кәсіпорынның бірі. Мұнда 700-ге жуық адам еңбек етеді. Жаңа локомотивтер машинистер жұмысын жеңілдеткен. Нәтижесінде қозғалыс қауіпсіздігі ғана емес, өндірістік қуат та күшейді.



басталды. Пойыздар Ақтөбеден Шыңғырлауға дейін тоқтаусыз жүреді. Бұл уақытты үнемдеп, пойыздар санын көбейтуге мүмкіндік береді. Ең бастысы – Қытайдан Ресей мен Еуропаға бағытталған контейнерлік пойыздардың қозғалысын жеделдетуге ықпал етеді», – деді Бақытғали Джанесов.

Бұл эксперимент Қытайдан Ресей мен Еуропаға бағытталған контейнерлік пойыздарға да оң әсерін тигізіп отыр. Локомотив бригадалары үшін Шыңғырлауда демалыс үйі жабдықталған.

Ақтөбе локомотив пайдалану депосы тек тасымалмен ғана айналыспайды. Мұнда қалпына келтіру жұмыстары да жүргізіледі. Қазақстанның әр өңірінен жеткізілген зақымданған локомотивтер жөнделеді.

Қазір депо паркінде 92 локомотив бар. Локомотив паркі кезек-кезеңімен жаңартып жатыр. Қытайда шығарылған жаңа ТЭ36А тепловоздары жеткізілуде. Олар заманауи жабдықтармен қамтылған. Парк құрамында ТЭ33А(АС) локомотивтері де бар. Алдағы уақытта жаңғыртылған жаңа локомотивтер келуі күтілуде. Маневрлік жұмыстарда пайдаланылатын бірнеше ескі локомотивтер бар. Алдағы жылдары оларды толық жаңарту жоспарланып отыр.

Соңғы жылдары депоның материалдық-техникалық базасы да айтарлықтай жаңартылды. Әкімшілік ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, қызметкерлерге қолайлы жағдай жасалған. Терезелер ауыстырылып, инженерлік желілер жаңартылды. Демалыс бөлмелері мен конференц-зал және спортзал ашылды. Техникалық оқу кабинеті де жаңартылды. Мұнда оқу стендтері мен макеттер қойылған.

Депо қызметкерлерінің басым бөлігін 35 жасқа дейінгі мамандар құрайды. Өткен жылы 15 жас маман жұмысқа қабылданды, биыл тағы төрт қызметкер қатарға қосылды. Белсенді жастар тұрақты түрде түрлі конкурстар мен жарыстарға қатысып, өздерін дамытудан кенде емес. «Таза Қазақстан» акциясына тұрақты қатысады. Қысқасы, байырғы депода өндіріс пен қоғамдық жұмыс қатар дамып келеді.

Суретті түсірген автор

ИЗУЧАЯ ЛУЧШИЕ ПРАКТИКИ



Представители АО «НК «ҚТЖ» ознакомились с современными технологиями управления движением поездов и передовым европейским опытом в области железнодорожной автоматики в рамках визита в Испанию.

Директор по инфраструктуре – директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Сакен Рахметов, управляющий директор по цифровизации АО «НК «ҚТЖ» Жанна Аюканова и представители АО «Транстелеком» посетили города Мадрид и Трес-Кантос, где изучили современные технологические решения, применяемые на железных дорогах Европы.

В рамках визита состоялись рабочие встречи с представителями компаний Alstom и Siemens – ведущих разработчиков решений в области железнодорожной автоматики, телемеханики и цифровых систем управления движением.

Основной целью поездки стало изучение опыта внедрения и эксплуатации Европейской системы управления движением поездов (ERTMS), современных микропроцессорных систем централизации, диспетчерского управления и других инновационных технологий, направленных на повышение безопасности и эффективности перевозочного процесса.

В ходе визита директор по инфраструктуре посетил лабораторию ERTMS компании Alstom, ознакомились с работой бортовых устройств системы в депо Мадрида, а также с функционированием устройств

сигнализации и ERTMS на участке Fuencarral. Особое внимание было уделено презентации технических решений ERTMS и обсуждению перспектив их применения на железнодорожной сети Казахстана.

В городе Трес-Кантос специалисты Siemens ознакомили представителей ҚТЖ с решениями в области ERTMS, микропроцессорной централизации Westrace, диспетчерского управления и современных систем организации движения поездов. Также состоялось ознакомление с работой тестового центра и современных центров управления перевозочным процессом, а также с техническими решениями по оснащению сортировочных горок.

В ходе визита была продемонстрирована работа устройств сигнализации и ERTMS на участке Аточа – Валенсия станции Альбасете диспетчерского центра управления Мадрида.

